

Медициналық қызметкерге немесе жедел жәрдем жүргізушісіне қатысты қорқыту немесе күш қолдану жағдайындағы іс-әрекет бойынша ЖАДЫНАМА

ЖАДЫНАМА - Сіздердің қауіпсіздіктеріңіз – басты басымдықтардың бірі. Медициналық қызметкерге немесе жедел жәрдем жүргізушісіне қатысты қорқыту, тіл тигізу немесе күш қолдану – ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыс болып табылады.

1. Қауіп туындаған жағдайда:

- ✓ Сабыр сақтаңыз, жағдайды ушықтырмауға тырысыңыз
- ✓ Қауіпті жағдайдан мүмкіндігінше алыстаңыз
- ✓ Қажет болған жағдайда қауіпсіз жерге жасырыныңыз
- ✓ Дереву 102 нөміріне хабарласыңыз
- ✓ Басшылыққа немесе жауапты тұлғаға хабар беріңіз

2. Егер күш қолдану фактісі орын алса:

- ✓ Өзіңіздің және әріптестеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз
- ✓ Зардап шеккен жағдайда медициналық көмекке жүгініңіз
- ✓ Оқиға туралы құқық қорғау органдарына міндетті түрде арыз жазыңыз
- ✓ Куәгерлердің деректерін тіркеніз
- ✓ Бейнебақылау жазбаларын сақтау шараларын қабылдаңыз

3. Құқықтық жауапкершілік

- ✓ **ҚР ҚК 380-3-бабы** – Медициналық қызметкерге немесе жедел жәрдем көлігінің жүргізушісіне қатысты қорқыту немесе күш қолдану
- ✓ **Қорқыту** – айыппұл, қоғамдық жұмыстар немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру
- ✓ **Күш қолдану** (денсаулыққа қауіпті емес) – 2–3 жылға дейін
- ✓ **Өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану** – 5 жылдан 10 жылға дейін, ауырлататын жағдайда 7–12 жылға дейін бас бостандығынан айыру
- ✓ **ҚР ҚК 293-бабы – Бұзақылық**
- ✓ Қоғамдық тәртіпті бұзу, соның ішінде медицина қызметкерлеріне агрессия көрсету жағдайларында қолданылады
- ✓ **ҚР ҚК 106-бабы** – Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру
- ✓ **ҚР ҚК 107-бабы** – Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру
- ✓ **ҚР ҚК 108-бабы** – Денсаулыққа жеңіл зиян келтіру

4. Алдын алу шаралары:

- ✓ Даулы жағдайларда сабырлы және кәсіби қарым-қатынас ұстаныңыз
- ✓ Қауіпті пациенттермен жалғыз қалмауға тырысыңыз
- ✓ Жедел жәрдем шақыртуына шыққанда жағдайды алдын ала бағалаңыз
- ✓ Қажет болған жағдайда полиция қызметкерлерін шақыртыңыз

5. Есте сақтаңыз!!!

Медициналық қызметкер мен жедел жәрдем жүргізушісі – заңмен қорғалады. Сіздерге қарсы жасалған кез келген заңсыз әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.